

TAMOS Education өзінің бақылауына қалдырған әр бала мен оқушыға асқан ұқыптылықпен қарайды. Баланың мектепте немесе мектептен тыс жерлерде жоғалған жағдайда (бірақ бұндай жағдайдың болуы екіталай) біз келесі рәсімдерді тез жүзеге асырамыз:

1 қадам

- Барлық қызметкерлер хабардар болады және дереу жақын маңдағы аудандарда мұқият тінту жүргізеді;
- Оқушыларды бақыламайтын мұғалімдер мен өзге де қызметкерлер бар мүмкін болар аумақтарды қарайды: дәретханалар, шкафтар, шаруашылық орындар;
- Қызметкер жақын маңдағы жолдарды іздеу үшін мектепті тастап кетеді;
- Жетекші баланың соңғы рет көрген уақытты, қандай киім кигендігін, рухани жай-күйін анықтау үшін тергеу жүргізеді.

2 қадам

Егер бала табылмаса:

- Барлық қызметкерлер іздестіруді жалғастырады;
- Мектеп әкімшілігі полицияға хабарлап, орын алған жағдай туралы сипаттама жасайды, бала туралы мәлімет береді.
- Сынып жетекшісі жоғалған баланың ата-анасымен/қамқоршысымен хабарласып, орын алған жағдай туралы хабарлап, келесідей мәліметтерді алады:
 - баланың үйге келетін күнделікті бағытын;
 - ол бара алатын достары/туысқандары туралы мәлімет;
 - мектептен тыс шығуға баланың рұқсаты болды ма?;
 - іздестіруге септігін тигізетін өзге де мәліметтер.

3 қадам

Егер бала табылмаса:

Баланың мұғалімі мен өзге жоғары басшылықтың қызметкерлері полиция мен баланың ата-анасы/қамқоршысымен кездеседі, полиция одан арғы нұсқаулар береді.

Жалпы мәліметтер

Баланы іздеу туралы хабарламаларды кешіктірмеу үшін телефон желілерін барынша қосады.

Барлық орын алған жағдайлар есеп кітапшасына жазылады.

Барлық оқушылар құрамы үлкендердің қатаң қадағалауында болады.

Implemented: March 2019

Выполнено: март 2019 г.

Орындалды: 2019 жылдың наурыз айы

Reviewed: July 2022

Рассмотрен: июль 2022

Қайта қаралды: 2022 жылдың шілде айы

To be reviewed: July 2025

Подлежит рассмотрению: июль 2025

Қайта қарау: 2025 жылдың шілде айы



Бала жоғалту кезіндегі саясат

